КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 13 қаңтар №1112-24-00-2/4444 Көкшетау қаласы

Ақмола облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Г.И.Нұрғалиева, оңайлатылған іс жүргізу тәртібімен қойылған талап қою бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Көкшетау қаласы әкімдігінің жанындағы шаруашылық жүргізуге құқылы "Көкшетау Су Арнасы" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын

ЖАУАПКЕР:
«Шарипкожа» жеке кәсіпкері

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1.мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы
2.тұрақсыздық айыбын өндіру

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 144-147, 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

Ш Е Ш І М Е Т Т І:

Көкшетау қаласы әкімдігінің жанындағышаруашылық жүргізуге құқылы "Көкшетау Су Арнасы" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынның «Шарипкожа» жеке кәсіпкеріне мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы ретінде тану және тұрақсыздық айыбын өндіріп алу туралы туралы – қанағаттандырылсын.

«Шарипкожа» жеке кәсіпкері мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

«Шарипкожа» жеке кәсіпкерінен Көкшетау қаласы әкімдігінің жанындағышаруашылық жүргізуге құқылы "Көкшетау Су Арнасы" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын пайдасына 12 006 (он екі мың алты) теңге көлемінде тұрақсыздық айыппұл және 360 (үш жүз алпыс) теңге 18 (он сегіз) тиын көлемінде мемлекеттік баж өндірілсін.

«Шарипкожа» жеке мемлекет пайдасына 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге көлемінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге апелляциялық шағым, наразылық шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешім көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Ақмола облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Ақмола облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы келтірілуі мүмкін.

Судья **Г.И.Нұрғалиева**

Документ подписан: Нургалиева Г. И., 13.01.2025

Дата вступления в законную силу: 21.02.2025, судья Нургалиева Г. И., 24.02.2025